

**БD010500-Дефектология мамандығы бойынша философия  
докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған  
Дузелбаева Айтолқын Болатовнаның «Педагогикалық білім беруді жаңарту  
жағдайында мұғалім-дефектологтарды дайындау» тақырыбында жазылған  
диссертациясына рецензенттің**

**ШІКІРІ**

**1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы**

Бүгінгі таңда білім беру мазмұнының жаңаруы және оған сәйкес мамандарды даярлау мемлекеттік деңгейде көтеріліп отырғандығы туралы көптеген заңнамалық құжаттарда көрсетілген. Осылайша, мемлекетіміздің Елбасысы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңаруы: жалпыға бірдей еңбек ететін қоғамға 20 қадам» атты мақаласында жоғары оқу орындарының кадрлық құрамына, олардың материалды техникалық қамтамасыз етілуіне және білім беру бағдарламаларының деңгейіне қатысты талаптарды және бақылауды күшейту қажет деп көрсеткен. Бұнымен қатар, мамандарды дайындаудағы жаңаша талаптар, педагогикалық кадрлардың сапалы құрамын жоғарылату, сапалы даярлықты қамтамасыз ету, білім мазмұнының жаңаруы 2016-2019 жылдарға білім беру және ғылымды дамытудың Мемлекеттік бағдарламасының басты міндеттерінің бірі ретінде ендірілген және көрсетілген. Бұл орайда, елімізде болып жатқан білімді ауқымды жаңарту жағдайында, жасампаз ойлай білетін, озық, жаңарту технологияларын игерген, тәжірибеде эксперименттік қызметпен айналысатын педагогтың рөлі артады. Осы және көптеген басқа сұрақтардың шешімі білім беру ұйымдары үшін мамандарды даярлау үрдісін жетілдіру механизмі ретінде арнайы педагогиканың мазмұны, формасы, әдістері және технологияларының жаңаруы арқылы болуы мүмкін. Осыған байланысты бүгінгі кезеңнің ерекшелігі—шешімі ерекше білім беру қажеттіліктері бар жандарға көмек көрсету және оларды сәтті түрде әлеуметтендіру бойынша маңызды жолдардың бірі ретінде мұғалім-дефектологтарды дайындауға бағытталған жаһандық міндетті ой иелігінен өткізуді талап етеді. Қазіргі жағдайды түйіндей отыра педагогтың кәсібилілігі ғана емес, сонымен қатар оқуға, өз шеберлігін жетілдіруге талпынысы бағаланып, жаңарту талаптарына сәйкес мамандарды дайындаудың өзектілігі артқанын ескеретін болсақ, ұсынылып отырған диссертацияның өзектілігі арта түседі.

Арнайы және инклюзивті білім беру алдында тұрған стратегиялық мақсаттардың бірі педагогикалық білімнің жаңаруы жағдайында мұғалім-дефектологтарды жаңарту талаптарына сәйкес дайындау оған қол жету бойынша бірыңғай әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік тұрғыдан қамтамасыз ету арқылы табысқа жетуге болады.

Сонымен қатар, отандық арнайы білім беру саласында педагогикалық білім берудің жаңаруы жағдайында мұғалім-дефектологтарды дайындау бойынша еңбектердің жоқтығы Айтолқын Болатовна Дузелбаеваның диссертациялық жұмысының маңыздылығын арттыра түседі.

Диссертациялық зерттеу барысында шешілетін міндеттер аталған жұмысты арнайы және инклюзивті білім беру үшін құнды ғылыми-теориялық және тәжірибелік еңбек қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.

Ғылыми еңбекті жан-жақты талдау барысында анықталғандай, Айтолқын Болатовна Дузелбаевамен жазылған диссертациялық жұмыстың нәтижелері жаңа заман талаптарына жауап бере отыра, педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында мұғалім-дефектологтарды дайындаудың мазмұны мен ұйымдастырылуын қамтамасыз етіп, зерттеу негізінде ұсынылып отырған тәжірибелік-бағдарланған модельмен және оның құрылымдық компоненттерімен беріледі. Демек, Айтолқын Болатовна Дузелбаеваның диссертациялық жұмысы қоғамның сұрасынан, заман талабынан туындаған дер кезінде орындалған көкейтестілігі жоғары еңбек. Оны диссертацияның мазмұны да дәлелдейді.

## **2. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтижесінің, тұжырымдары мен қорытындыларының негізделу және шынайылық дәрежесі**

*Зерттеу барысында ізденуші мынадай нәтижелерге қол жеткізген:*

- 1) «Педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында мұғалім-дефектологтарды дайындау» ұғымының психологиялық, педагогикалық категория ретінде мәнін анықтаған;
- 2) Педагогикалық білім беруді жаңартудың саяси, әлеуметтік-экономикалық алғышарттарын сипаттаған;
- 3) Арнайы педагогтарды дайындаудың шетелдік және отандық тәжірибесін сипаттаған;
- 4) Педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында мұғалім-дефектологтарды дайындаудың тәжірибеге-бағдарланған моделін әзірлеген.

*Осы аталған нәтижелердің дәлелдігі мен негізділігі докторанттың философия, әлеуметтану, психология, педагогика және арнайы білім беру саласында педагогикалық білім берудің жаңаруы жағдайында мұғалім-дефектологтардың дайындығы ұғымдары қарастырылған шетелдік, отандық ғылыми еңбектерге талдау беруімен; педагогикалық білім берудің жаңаруына әкелетін және мұғалім-дефектологтардың дайындығы мазмұнын өзгерту жайлы әлеуметтік, экономикалық, саяси алғышарттарды сипаттаумен; арнайы педагогтарды дайындаудағы шетелдік және отандық тәжірибені саралау және талдаумен; қазіргі жағдайды өзгерту және жаңарту мақсатымен, арнайы педагогтарды дайындау мазмұнын жетілдіруге педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында мұғалім-дефектологты дайындаудағы тәжірибеге-бағдарланған моделін құрастырумен және тәжірибелік ұсыныстарды әзірлеумен айқындалады.*

## **3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағидасы) мен қорытындысының жаңалық дәрежесі**

Ізденушімен алынған нәтижелердің шынайылығы мен негізделуі диссертациялық зерттеудің негізінде жатқан үлкен эмпирикалық материалмен және авторлық ғылыми басылымдар мен соавторлықта құрылған оқу-әдістемелік құралдар көрінумен қамтамасыз етіледі.

*Бірінші нәтиженің жаңалығы болашақ мұғалім-дефектологтарды дайындаудың және дайындық ұғымының тұжырымдалық негіздерін зерттеу және талдаумен, сонымен бірге «педагогикалық білім беру жағдайында мұғалім-дефектологтарды*

дайындау» ұғымының мазмұның анықтаумен және соның негізінде авторлық ұғымды ұсынумен негізделеді.

*Екінші нәтиженің* жаңалығы педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында мұғалім-дефектологтарды дайындау бойынша әлеуметтік, саяси және экономикалық алғышарттарды анықтау арқылы, жаңарту түсінігін ашу және жаңартуға әкелген тұғырларды, тәсілдерді жүйелеуінде негізделеді.

*Үшінші нәтиженің* жаңалығы педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында мұғалім-дефектологтарды дайындаудың жаңа үлгісін жасау үшін арнайы педагогтарды дайындаудың отандық және шетелдік тәжірибесін саралау және талдауда көрінеді. Жаңа типті мекемелер мен жаңарту талаптарына сәйкес шетелдік тәжірибені пайдалану арқылы қазіргі кездегі дайындықты жетілдірумен тұжырымдалады.

*Төртінші нәтиженің* жаңалығы педагогикалық білім берудің жаңаруы жағдайында мұғалім-дефектологтарды дайындау бойынша болашақ мұғалім-дефектологтарды дайындаудың тәжірибеге-бағдарланған моделін құрастыру және тәжірибелі-эксперименттік жұмыс барысында оны тексерумен негізделеді. Мұғалім-дефектологтарды тиімді дайындауды жүзеге асыру үшін оны құрайтын құрылымдық компоненттерімен және оны енгізу және қалыптастыру кезіндегі нәтижелермен негізделеді және шындалады.

#### **4. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық немесе қолданбалы міндетті шешуге бағытталатындығы**

А. Дузелбаеваның зерттеу барысында қол жеткізген осы ғылыми нәтижелері ішкі бірлікпен, әрбір теориялық тұжырымдардың өзара байланыстылығымен және олардың тәжірибелік экспериментте тексерілуімен, қорытындысымен және автордың арнайы және инклюзивті білім беру саласына мамандарды дайындау бойынша енгізген ғылыми жаңалығымен сипатталады.

Философия докторы (PhD) дәрежесін алуға арнап жазылған бұл диссертацияның арнайы білім беру үшін маңызы өте жоғары. Өйткені, аталған зерттеуде педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында мұғалім-дефектологтардың дайындығы аса бір өзекті мәселе ретінде алғаш рет шешімін тауып отыр. Автормен ұсынылған «Арнайы және инклюзивті білім берудегі этнопедагогикалық тұғырлар» оқу-әдістемелік құралы болашақ мұғалім-дефектологтарды ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре отыра дайындау барысында тәжірибелік маңыздылықты арттыра түседі және мамандармен қолданыста ие. Диссертациялық зерттеудің нәтижелерін арнайы және инклюзивті білім беру теориясында, дефектология мамандығы бойынша болашақ мұғалім-дефектологтарды дайындайтын жоғары оқу орындарында, осы саладағы мамандардың біліктілігін арттыру институттарының тәжірибесінде үлкен сеніммен пайдалануға болады.

#### **5. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткілікті толықтығына растама.**

Диссертацияның негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы автордың қазақстандық және шетелдік мерзімді ғылыми басылымдарды, нөлдік емес импакт факторлы журналдарда және халықаралық,

республикалық ғылыми-практикалық конференциялардың материалдары жинағында басылым көрген. Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша барлығы 18 ғылыми еңбегі жарияланған.

**6. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.**

Диссертация мазмұнында, рәсімделуінде мынадай кемшіліктер кездеседі:

1. Диссертацияның 1.3 параграфында автор арнайы педагогтардың дайындаудың шетелдік және отандық тәжірибесін сапалы және жан-жақты талдап көрсеткен. Алайда, көрсетілген құнды ақпараттар мен мәліметтерді жүйелей отыра, кесте түрінде келтіріп кеткенде еңбектің құндылығы артар еді.

2. Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында «Арнайы және инклюзивті білім берудегі этнопедагогикалық тұғырлар» атты оқу-әдістемелік құралы көрсетілген. Ол құрал жоғары оқу орындарының білім алушылары және оқытушылары үшін арналған оқу-әдістемелік құрал және оның мазмұны көңілге қонымды шыққан. Алайда зерттеу жұмысы барысында оның мазмұнын кеңінен ашып, толық қамтылғанда еңбектің практикалық тұрғыдан маңыздылығы арта түскен болар еді.

3. Диссертацияның жазылуында стилистикалық, орфографиялық қателер кездеседі.

Көрсетілген кемшіліктердің шешімі жеңіл, сондықтан ғылыми талапқа сай жазылған еңбектің құнын төмендетпейді.

**7. Тиісті мамандық бойынша философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды.**

Сонымен, Дүзелбаева Айтолқын Болатовнаның «Педагогикалық білім беруді жаңарту жағдайында мұғалім-дефектологтарды дайындау» тақырыбында жазылған диссертациясын дербестегі айқындалған, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығы бар, орындалуы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай келетін, аяқталған жұмыс деп есептеп, оның авторына 6D010500 - Дефектология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент,  
«Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы  
ҚР Білім беру жүйесінің  
басшы және ғылыми-педагогикалық  
қызметкерлерінің біліктілігін  
арттыратын республикалық  
институтының «Педагогика және  
инклюзивті білім беру»  
кафедрасының меңгерушісі,  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты,  
доцент



А.К. Рсалдинова